Жолымбет №2 жалпы орта білім беретін мектебінде 04 қараша күні сағат 10.00-де педагогикалық кеңестің №2 педагогикалық хаттамасы

Күн тәртібінде:

1. I тоқсанның қорытындылары.
(Сынып жетекшілер)
(Оқу ісінің меңгерушісі Нұркебаева Ж.)
2. Мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі дамытуының факторлары мен кедергілері.
(Мұғалімдер)
3. Мұғалімдердің оқылықтарды жою жолдары.
(Мұғалімдер)
4. Жыныстық тиіспеушілік бойынша жұмыс.
(Амет Естай)
5. Әр. түрлі сұрақтар.

1. Тыңдалды
I тоқсанның қорытындысы бойынша сынып жетекшілер сөз алды: мектеп алды даярлық тобының тәрбиешісі сөйледі: 0 „А" тобында барлығы 15 бала басында болды, қазір 14 бала 7 ұл, 7 қыз, барлығы 5 жаста.
0 „Ә" барлығы 15 оқушы 9 ұл, 6 қыз. Соның Әйгерім 4 жаста қараша айында 5-ке толады.
1 Ә сыныптың мұғалімі сөз алды / Ходырхан М.)
1 „А" сыныбында 18 оқушы 10 қыз, 8 ұл. Үлгерімдері жақсы, әріп таниды, 1-ден-10 дейін санайды, амалдарды орындайды. Ербалат Ерсұлтан нұр оқушы тілі жақсармай тұр, түсінбейсін не айтқанын.
1 „Ә" сыныбында 15 оқушы 9 қыз, 6 ұл, сабақ

үлгерімі жақсы, бірі оқып жатыр.
2.А" сынып жетекшісі сөз алды: менде 16 оқушы болында, қазір 15 оқушы 7 қыз, 8 ұл, білім сапасы 53%, 3 оқушы үздік (Тұяқенова М., Нұмар Б., Алим С.), екпінділер саны 5 оқушы.
2.Ә" сынып жетекшісі Абитаева Р.Д. сөйледі: сыныптың жалпы білім сапасы 87,5%, үлгерімі 100%. Басында 15 оқушы болды, қазір 16 оқушы (Сүлехан Икар келді). 8 ұл, 8 қыз. Үздік оқушылар 6, екпінділер саны 8.
3.А" сынып жетекшісі Берекбай Маіул сөз алды: 3.А" сыныбында 14 оқушы 5 қыз, 9 ұл. Үздіктер - 4, екпінділер саны 4. Бір "4" шыққан Бауыржан Назерке математика пәнінен. Сыныптың жалпы білім сапасы 57%, үлгерімі 100%.
3.Ә" сынып жетекшісі Тохай Б. сөйледі: сыныпта 15 оқушы 8 ұл, 7 қыз. Үздік - 5, екпінділер саны - 5. Сыныптың жалпы білім сапасы 60%, үлгерімі 100%.
4.А" сынып жетекшісі Ожай Лиза сөз алды: Сыныпта барлығы 17 оқушы. Кетті 1 оқушы Мауткан Е., келді Серикбай А. Үздік - 5, екпінділер саны 8. Сыныптың білім сапасы 76%, үлгерімі 100%.
4.Ә" сынып жетекшісі Маит С. сөйледі: 4.Ә сыныбында басында 17 оқушы болды, ал қазір 16 оқушы. Ермек Б. кетті. Сыныптың білім сапасы 50%, үлгерімі 100%.

5 сынып жетекшісі Шайзанда А сөз алды. 5 сыныпта барлығы басында 26 оқушы болды, қазір 28 оқушы, үздік -12, екпінділер саны -4. Бір „3" 2 оқушы Хавдагашим Б және Серікбай М. математика пәнінен шықты. Білім сапасы 57%, үлгерімі 100%.

6 сынып жетекшісі Мустахова Б. сөйледі: Сыныпта 19 оқушы басында болды, қазір 18 оқушы. Үздік -2, екпінділер саны 9. Білім сапасы 61% үлгерімі 100%.

7 „А" сынып жетекшісі сөйледі: сыныпта 15 оқушы болды, қазір 16 оқушы. Білім сапасы 37%, үлгерімі 100%.

7 „Г" сынып жетекшісі сөз алды: 7 „Г" сыныбында барлығы 16 оқушы. Үздік -2, екпінділер саны 3. Бір „3" деген бағамен 2 оқушы Заркен А; Бірлестік М. математика пәнінен шықты. Білім сапасы 31%, үлгерімі 100%.

8 сынып жетекшісі сөйледі: сыныпта 22 оқушы 12 ұл, 10 қыз. Үздік 4, екпінділер саны -5. Бір 3 - 7 бала, бір „4" - 1 бала. Білім сапасы 41%, үлгерімі 100%.

9 сынып жетекшісі сөйледі: Сыныпта 24 оқушы, 7 ұл, 17 қыз. Үздік -6, екпінді саны 10. Бір „3" 1 оқушы, бір „4" 1 оқушы. Білім сапасы 66,6%, үлгерімі 100%.

10 сынып жетекшісі сөйледі: Сыныпта 9 оқушы, 2 ұл, 7 қыз, үздік -0, екпінділер саны 3. Білім сапасы 33,3%, үлгерімі 100%.

у сынып жетекшісі сөйледі: Сыныпта 6 оқушы, 2 ұл, 4 қыз. Үздік - 0, екпінділер саны - 3. Білім сапасы 50%, үлгерімі 100%.

2. Тыңдалды
Мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі дамытуының факторлары мен кедергілері бойынша қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі /сөз алды/ Мұбарак
Жолаған сөз алды: қазіргі таңда қазақ тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып жүйелі түрде қолдану - заман талабы. Білім берудің негізгі мақсаты - білім мазмұнын жақсартумен қатар, оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Жаңа заман мұғалімі өз білімін қолдану мен қатар, шәкірттеріне зерттеушілік, ізденушілік әрекеттерін де меңгерту керек. Қазіргі таңда әдіс-тәсілдердің тиімді жолдарын мұғалім өз еркімен таңдайды. Әр ұстаз өзінің оқушыларының талантты да талапты, дарынды да дарамы болғанын армандайды. Осыған жетуге тырысып, оны шешу жолдарын іздейді. Мен де өз оқушыларыма нәтижеге жету жолдарын көрсетуге тырыстым. Сабақ барысында оқушыны жетістікке жеткізу үшін, қандай әдіс-тәсілдерді қолда-

нуға болатынын анықтап, іс-тұжырым[illegible]зу-
дің жолдарын құрастыруды алға қойдым. Бұл
ретте маған көп көмек көрсеткен техноло-
гияларға тоқтала кетуді жөн көрдім.
Олар: Сыни тұрғыдан ойлау стратегиясы,
құзіреттілікті қалыптастыру амалдары.
Жоғарыда айтқанымдай Сын тұрғысынан
ойлау технологиясы ерекше шешім қабылдау-
ға түрткі болып, оны салыстыру арқылы шы-
ғармашылық қабілетінің шыңдалуының жетелей-
ді. Мысалы оқушы. "Ауа райы" тақырыбын
өткенде оқушы осы тақырып бойынша өз
ойын айтады және сөйлемдер құрастырып,
сөйлемдерден шағын әңгіме құрастырады. Өзінің
құрастырған шығармасын кітаптағы әңгіме-
мен салыстырады. Олардың айырмашылық-
тары мен ұқсастықтарын анықтайды.

Тілдік құзіреттілік технологиясы бойынша оқу-
шы өз ойын ортаға салады, орындайтын тап-
сырмаларының мақсатын анықтайды. Топтар
арасында өз қызметтерін анықтайды. Жұмыс
істеу кезеңдерін жоспарлайды, бірінші нәтижеге
қол жеткізу уақытын белгілейді. Өз зерттеу-
лерін жүргізеді. Алған нәтиже туралы есеп
береді, бір-бірін тыңдай отырып, толықтыра
алады. Жұмыстары арқылы бірін-бірі, өзін-
өзі бағалайды.

- Оқушының бойында рухани-адамгершілік қасиет

тер қалыптасады;
- іздеңімпаздық, зерттеушілік қабілеттері дамиды;
- ұқыптылық, жинақылыққа, іскерлікке дағдыланады;
- жауапкершілікке үйренеді;
- шығармашылық қабілеттерін дамытады;
- өз елінің ұлттық рухани және материалдық құндылықтарын құрметтей алатын, патриот тұлға болып қалыптасады.
Шығармашылық, іздеушілік қабілеттерін дамытады.
Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың шығармашылық дамуын осы айтылған технологияларды пайдаланып, коммуникативті құзыреттілік арқылы оқушының шығармашылық қабілеттерін ашуға тырысудамын.
Қазақстанның болашағы алдымызда отырған мектеп оқушылары. Сондықтан осы оқушыларға жан-жақты білім беру, өз пікірін айтып, дәлелдей алатын, білімді, біліктi тұлға тәрбиелеу ұстаздарға жүктеліп отыр. Сондықтан ұлтымыздың ұлы ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының: «Білімдіден не пайда білгенін көпке айтпаса, үйреткеннен не пайда қайырымы қайтпаса" деген қанатты сөзімен аяқтағым келіп отыр.
Бастауыш сынып мұғалімі Ходырхан Майра сөз алды: Егемендi еліміздің өсіп келе жатқан ұрпағын ойлы да іскер, өзіне-өзі сенімді, интеллектуалдық деңгейі биік азамат етіп

тәрбиелеуде мектептің алатын орны ерекше. Бастауыш саты-білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы болып табылады. Біздің міндетіміз - жеке тұлғаны дамыту, білімге деген сенімін нығайту, оқуға қызығушылығын оятып, ынтасын арттыру.
Қазіргі заманғы ғылыми-техникалық үрдістің қарқыны білім беру жүйесінің алдына үлкен мақсаттар мен жаңа міндеттер жүктейді. Жас ұрпақты жан-жақты жетілген, ақыл-парасатты, ой-өрісі биік, бәсекеге қабілетті азамат етіп тәрбиелеу-қоғамымыздың ең өзекті мәселесі. Бұл әр мұғалімнің шығармашылық ізденіспен жаңаша істеуін қажет етеді. Білім негізі мектеп қабырғасынан басталатыны белгілі. Мектеп оқушысы не нәрсені болса да білуге құмар, қолымен ұстап, көзбен көргенді ұнатады. Зейіндері тұрақсыз болғандықтан бір сарынды оқудан тез жалығады. Сондықтан оқу мазмұны мен тәрбие әдістерін жаңарту бағытында оқушыларға сапалы білім мен саналы тәрбие беру үшін жан-жақты іздене отыру керек. Білім беру саласындағы бүгінгі басты міндеттерінің бірі-оқушыларға терең білім беру. Ал, оның негізі жалпы білім беретін мектептердің оқыту үрдісін жақсартуға білім саласына жаңа технологиялардың енгізу

болып табылады. Оқу-тәрбие үрдісіне жаңа инновацияның әдіс-тәсілдерді енгізу оқушылардың біліміне деген қызығушылығын, талпынысын арттырып өз бетімен ізденуге шығармашылыққа түбек өтуге жол салады. Пәндерді оқытуда тиімді әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, сабақты қызықты да тартымды өткізу мұғалімнің шеберлігіне байланысты екені баршамызға мәлім. Ол бүгінгі білім беру кеңістігіндегі аудай қажет жаңару оқушының қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылық жемісімен келмек. Сондықтан да әрбір оқушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогиканың технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейіне оқу үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияны ендіруді міндеттейді. Білім, дағды, іскерліктің қалыптасуының бастамасы - бастауыш саты. Келешекте арнаулы мамандықтарға талпынудың іргетасы да осы бастауыштан басталмақ. Жас бүлдіршіндердің ой-қиялын біліммен нұрландыратын, дүниетанымын кеңейтетін - ұстаз шеберлігі. Әсіресе, терең де тиянақты білім беруді ұлағатты тәрбиемен ұштастыруда.

Бастауыш сынып пәндерінің өзіндік орны ерекш Бастауыш сынып пәндеріне арналған оқу бағдар ламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардағы шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі - құзыреттілікке және сапаға бағыт талған бағдарлама. Оқушы тұлғасының үйлесімді қалыптасу білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасау білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қалдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді. Оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр. Жаңартылған оқу бағдарламасы, оқу жоспарлары, тілдік дағдылар, педагогикалық әдіс-тәсілдер және белсенді оқыту технологияларын да қарастырылды. Сол себепті қысқа мерзімді сабақ жоспарын құрастыру барысында оқушылардың жас ерекшеліктеріне басты назарды аударып, мысалы, „Өрмекшінің өрмегі", „Қораптағы сұрақ", „Сер-

...ген сауал" әдіс-тәсілдерін күнделікті қолдану барысында оқушылардың сабаққа деген қызығу-шылықтарының артқандығын аңғардым.

2. Тыңдалды.

Мұғалімдердің олқылықтарды жою жолда-ры туралы орыс тілі мұғалімі Шахманова Н. сөйледі. Оқу жылы басында барлық сыныптарда бақылау алынды, пайызы төмен болды. Мысалы 2-А" сыныбында орыс тілі пәні бойын-ша 26% болды, ал 1 тоқсанның аяғында 46% көтерілді. 2-Ә", 3-А", 3-Ә", 4-А", 4-Ә", 5 сынып-тарда да пайыз жақсы көтерілді 30% 60% дейін.

2-Ә" сынып жетекшісі Абитаева Г.Д. сөйледі: математика, қазақ тілі, әдебиеттік оқу, дүниетану пәндер бойынша 40%-дан 50% көтерілді.

5 сынып жетекшісі сөз алды: мен осы сыныпта ағылшын тілін беремін. Оқу жылы басында бақылау алдым. Бақылау-дың көрсеткіштері төмен болды. Бірақ 1 тоқсанның соңында көрсеткіштер жоғары болды, 30%-дан 50%-ға дейін көтерілді.

8 сынып жетекшісі Хуан И. сөйледі. Мен осы сыныпта математика пәнінен беремін. Оқу жылы басында бақылау алынды. Бақылаудың пайызы

төмен болды. Тоқсанның аяғында екінші бақылау алынды, оның пайызы жоғары болды. 40% дан 50% дейін көтерілді.
11 сынып жетекшісі Камаған М. сөз алды. Мен 11 сыныпта қазақ тілі пәнінен оқу жылы басында бақылау алынды. Нәтижесі төмен болды, ал 1 тоқсанның аяғында екінші бақылау алынды, нәтижесі орташа болды.

4. Тыңдалды.
Жыныстық тиіспеушілік бойынша жұмыс туралы Әлет Естай сөз алды.
Жас қыздардың ішінде неніц халал, неніц харам екенін, оның зардап, зиянын түсінбей жақсы көрген жігітімен жыныстық қатынасқа түсіп, кәмілеттік жасқа толмай екіқабат болып қалатындар да көп.
Проблемамен күресудің ең үздік түсі - проблемадан сақтану. 1. Ата-анамен жиі әңгімелесу керек. 2. Жыныстық тәрбие туралы кітаптар оқу. 3. Егер қыз бала жыныстық қатынасқа ерте түссе, оның салдарын білуі керек. Жасөспірім қыздар алғаш рет қандай жағдайда жыныстық қатынасқа түседі, оған не себеп болады деген сауалға дәрігерлер мен психологтар, құқық қорғаушылар мынандай жауаптар қайтарады. Жасөспірім-

ердің алғашқы жыныстық қатынасқа түсуі-
не олардың анатомиялық-физиологиялық ерек-
шеліктері де, отбасындағы, мектептегі тәрбие-
нің нашарлығы да, өмір сүретін өңірі, орта-
сындағы жағдайы, өзінің жыныстық қатынасқа
ерте құмартқан белсенділігі, теледидар, ға-
ламторларды жиі көруі де себеп болады.
Нақты деректер бойынша, Ресейде жасөспірім
қыздар бірінші рет жыныстық қатынасқа
ортаміа алғанда 16 жаста түссе, Америка-
да және Еуропада жасөспірім қыздардың
жыныстық қатынасы 12-13 жастан басталаты-
ны анықталып отыр. Ең өкініштісі, қай елде
де жасөспірім қыздардың алғашқы жыныстық
қатынасқа түсуі жүктіліктен сақтанусыз
өтеді екен. Сол себепті жүктілік жасөспі-
рім қыздар арасында жүкті әйелдердің
жалпы санының 1,5 пайызын құрайтыны болып
шықты. Осы жөнінде мектептерде 15-18
жас аралығында жасөспірімдер арасында
жүктіліктен сақтану, ерте жыныстық қа-
тынасқа түсудің зардаптары жөнінде
денсаулық сақтау мекемелерінің қызметкер-
лері баяндама, дәріс сабақтар оқып тұра-
ды. Санитарлық-ағарту жұмыстары да
жүргізіледі. Отбасындағы жасөспірімдер
арасындағы психологиялық-эмоциялық
атмосфера және отбасының мүшелерді бірі-

іп шешу маңызды.

Қаулы:

1.1. Сынып жетекшілердің берген есептерді қанағат-тандырылып, сыныптың білім сапасын 5% көтеру керек.

2.2. Барлық мұғалімдер шығармашылық жұмыспен айналыссын.

3.3. Олқылықтарды жою жолдарын жалғастыру керек.

4.4. Жыныстық тиісеушілік бойынша жұмысты жалғастырып және ата-аналармен жиі әңгімеле-су керек.

...БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ ШОРТАНДЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІ ... ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
БСН 550840000021
QAZAQSTAN

Төрайым: [signature] А. Молдобаева

Хатшы: [signature] Н. Шакманова